89. Ата-аналар (оларды алмастырушы тұлғалар) құқылы:

- баланың мүдделерін және заңды құқығын қорғауға;
- оқу түрін таңдауға;
- басқару жұмыстарына ата-аналар комитеті арқылы қатысуға;
- оқушының үлгерім бағасымен және тәртібімен, сондай-ақ білім беру жүйесінің мазмұнымен және барысымен танысуға;
- білім беру істерін реттейтін мекеме Жарғысымен және басқа да құжаттармен танысуға;
- оқушылардың білім алуындағы қиындық келтірген, қиындық туғызған мәселелер туралы кеңестер алуға.

90. Ата-аналар (оларды алмастырушы тұлғалар) міндетті:

- өз баласын тәрбиелеуге және оқытуға, дені сау болуына және өмір қауіпсіздігіне жағдай жасауға;
- олардың ой-өрісінің және дене тұлғасының дамуын, адамгершілік қасиетінің қалыптасуын қамтамасыз етуге;
- мектепалды даярлық тобында болуын қамтамасыз етуге;
- баласының мектептегі сабақтарға толық қатысуын қамтамасыз етуге;
- оқушылардың академиялық бережақтарын жоюын қамтамасыз етуге;
- мектеппен бірлесе отырып жұмыс істеуге және ата-аналар жиналыстарына қатысуға.